КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 наурыз № 4360-25-00-2/3213 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.А.Садуақасова,
сот отырысының хатшысы А.Сералиев, Б.Исатайдың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«KazSnabTrade 2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1)мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2) тұрақсыздық айып өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Д.М.Махамбет, А.К.Кеңес,
жауапкер өкілі А.Б.Кочкаров
аудармашы Садық Саян

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 17 маусымда тараптардың арасында № 482Р/ОК құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалып, оған сай жауапкер эксплуатациялық бұрғылау жұмыстарын орындауға міндеттеме алған. Шарттың құны 39 324 817 теңгеге айқындалған.

Осы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Шартқа тараптар 2025 жылғы 17 маусымда қол қойған.

Шарттың орындалу мерзімі 16 күнтізбелік күн ішінде өтінім негізінде белгіленген.

Талап қоюшы 6 қараша 2025 жылы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жауапкерге жұмысты орындау туралы өтінім жолдаған. Яғни жауапкер жұмыстарды 2025 жылғы 22 қарашаға дейін орындауы тиіс болған.

Жауапкер тарапынан жұмыстар тек 3 419 548 теңгеге орындалып, 35 905 269 теңгеге жұмыстар орындалмаған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 4 желтоқсанда талап қоюшы жауапкерге шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберіп, 2025 жылғы 24 желтоқсанда шарт біржақты түрде бұзылған.

Талап қоюшы сотта талап қоюын нақтылап мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа ұсынған жазбаша қарсы пікірінде, талап қоюмен келіспей, жер жұмыстарын орындау барысында тиісті уәкілетті мекемелерден келісім алынбағанын, келісімдер алу жауапкердің міндетіне кірмейтіндігін, тиісінше жұмыстардың орындалмағанына жауапкердің кінәсінің жоқтығын көрсетіп, аталған істер санаты бойынша талап қоюшының талап қою мерзімін өткізіп алуына байланысты талап қою мерзімін қолдануды сұрап, талапты қанағаттандыраудан бас тартуды сұрады.

Сотта талап қоюшының өкілдері талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, жазбаша қарсы пікірінде келтірілген уәждерін айтып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 277-бабының 1-тармағына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 05.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Елшібеков Б. Е., 21.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

2025 жылғы 4 желтоқсанда тараптардың арасындағы мемлекеттік сатып алу туралы шарты, уақытылы орындалмауына байланысты, талап қоюшымен шарт бір жақты бұзылатын туралы жауапкерге хабарлама жіберілген.

Жіберілген хабарламамен жауапкер мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 2025 жыллың 5 желтоқсанында хабарлама оқылған.

2025 жылдың 24 желтоқсанында электрондық келісім шарты мемлекеттік сатып алу веб порталы бір жақты бұзылған.

Қазіргі таңда шарт біржақты бұзылған.

АПК-нің 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

Жауапкер шарт міндеттемелерін толық орындамаған, 15 шілде 2025 жылғы орындалған жұмыстарды қабылдау туралы № 250488/00/1 актісіне сәйкес 3 419 548 теңгеге ғана жұмыстар орындалып, қабылданған. Шарт бойынша қалған 35 905 269,28 теңгеге жұмыстар орындалмаған және жауапкер жұмыстардың орындалғандығы туралы тиісті дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Сондай-ақ шарт біржақты бұзылған, бұл жағдайда АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Яғни жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себепті ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК-нің) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

№2 талаптың бөлігі

АПК-нің 279-бабының 1)-тармақшасына сәйкес сот, дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамауына орйы қараусыз қалдырылады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «KazSnabTrade 2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «KazSnabTrade 2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 05.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Елшібеков Б. Е., 21.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «KazSnabTrade 2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья К.А.Садуақасова

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 05.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Елшібеков Б. Е., 21.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

4360-25-3-1/3354